

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін қатты тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2024 жылғы 15 наурыздағы № 15-2 шешімі

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 2) және 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №24382 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1- қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының төрағасы

Е. Жәкенов

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 15-2 шешіміне
1-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтарды жинақтау объектісі	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жинақталуының жылдық нормасы (м3)
1	Абаттандырылған және абаттандырылмаған үй иелері абаттандырылған абаттандырылмаған	1-тұрғын 1-тұрғын 1-тұрғын	2,48 1,77

2	Жатақханалар, интернаттар, қарттар үйлері және т. б	1-орын	0,73
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1-орын	0,8
4	Балабақшалар, питомниктер	1-орын	0,62
5	Мекемелер, ұйымдар, кеңселер, кеңселер, сбербанктер, байланыс бөлімшелері	1-қызметкер	1,11
6	Поликлиникалар	1-сапар	0,0058
7	Ауруханалар, дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік амбулаториялық пункттер, өзге де емдеу-алдын алу мекемелері	1-орын	1,15
8	Мектептер және басқа оқу орындары	1-оқушы	0,23
9	Мейрамханалар, кафелер, тамақтану мекемелері	1-орын	1,17
10	Концерт залдары, мәдениет үйлері, ауылдық клубтар	1-орын	0,37
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы ауданы 1 м2	0,041
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 м2 орын	0,045
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы ауданы 1 м2	0,058
14	Азық-түлік, Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	1 м2 сауда алаңы	0,85
15	Машиналардан сауда жасау	1 м2 сауда алаңы	0,32
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, науалар	1 м2 сауда алаңы	0,32
17	Көтерме базалар, азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар қоймалары	Жалпы ауданы 1 м2	0,45
18	Халыққа қызмет көрсететін кәсіпорындар	Жалпы ауданы 1 м2	0,82
19	Автовокзалдар	Жалпы ауданы 1 м2	0,36
20	Жағажайлар	Жалпы ауданы 1 м2	-

21	Дәріханалар	1 м2 сауда алаңы	0,41
22	Автотұрақтар, автокөлік жуу орындары, жанармай құю бекеттері, гараждар	1-машина орны	0,5
23	Автокөлік шеберханалары	1-жұмысшы	1,25
24	Шаштараздар, сұлулық салондары	1-жұмыс орны	0,34
25	Кір жуу, Құрғақ тазалау, тұрмыстық техниканы жөндеу, Тігін ательесі	Жалпы ауданы 1 м2	0,47
26	Зергерлік шеберханалар, аяқ киім жөндеу, сағат	Жалпы ауданы 1 м2	0,15
27	Ұсақ жөндеу және қызметтер (кілттер жасау және т. б.)	1-жұмыс орны	0,47
28	Моншалар, сауналар	Жалпы ауданы 1 м2	0,65
29	Аудан аумағында бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыратын заңды шаралар	1000 қатысушы	0,0037

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 15-2 шешіміне
2-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Көрсетілетін қызметтер құны (теңге)
Абаттандырылған үйлер	айына 1-тұрғынға	215
Абаттандырылмаған үйлер	айына 1-тұрғынға	280